

ӘОЖ 373.3.016:502/504

## ТАБИҒАТ БҰРЫШЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН КӨТЕРУ

*И. Ж.Елубайқызы, Ж.Б.Әлімжанқызы, А.Д.Талғатқызы*

6B01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының  
4-курс студенттері, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші:** Нурбекова Салтанат Молотовна -  
Білім беру бағдарламасының көшбасшысы PhD, аға оқытушы

*Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудегі табиғат бұрышының рөлі мен онда жүргізілетін тәжірибелік жұмыстардың маңызы қарастырылады. Оқушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырудағы теориялық білім мен практикалық іс-әрекеттің байланысын көрсетіледі. Табиғат бұрышында өсімдіктер мен жануарларды күтіп-баптау арқылы балалардың экологиялық мәдениетін, бақылағыштық қабілетін және табиғатқа деген аяушылық сезімін қалыптастыру жолдары ұсынылған. Зерттеу барысында тәжірибелік жұмыстардың оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы тиімділігі негізделеді.*

**Кілт сөздер:** бастауыш сынып, экологиялық мәдениет, табиғат бұрышы, тәжірибелік жұмыс, экологиялық тәрбие, қоршаған орта, танымдық белсенділік.

Бастауыш мектепте алған білім кейінгі білімдерді игерудің негізі болып табылады. Жаңа буын мемлекеттік стандартының негізгі міндеті – баланы оқытудың бірінші сатысында сапалы біліммен қамтамасыз ету. Қазіргі бастауыш мектепте баланы тек оқуға, санауға және жазуға үйрету жеткіліксіз. Оны жаңа дағдылармен қамтамасыз ету қажет. Әрине, баланы бәріне үйрету, оған барлық нәрсе туралы дайын идеялар мен білім беру мүмкін емес. Қазіргі заманның басты мәселелерінің бірі -экологиялық жағдайдың нашарлауы. Табиғи ресурстардың азаюы, қоршаған ортаның ластануы және климаттың өзгеруі адамзаттың алдағы болашағына тікелей әсер етеді. Әсіресе, ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, атмосфераға шығарылатын көмірқышқыл газының артуы жаһандық жылынуға әкеліп, жер шарының климаттық өзгерістерін жылдамдатуда. Бұл, өз кезегінде, табиғи экожүйелерге және адам денсаулығына зиян келтіруде. Статистикалық мәліметтер бойынша, әлемде жыл сайын 7 миллионнан астам адам ауа ластануы салдарынан қайтыс болады,су тапшылығынан миллиардтан астам адам зардап шегуде. Бұл фактілер

адамзаттың экологиялық сауаттылығын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі замандағы экологиялық мәселелердің күрделенуі оқушыларға қоршаған ортаға жауапты көзқарас қалыптастырудың маңыздылығын арттырып отыр. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларында экологиялық мәдениеттің қалыптасуы, олардың табиғатқа деген көзқарасын дамыту бастауыш сынып кезеңінен басталуы қажет. «Экологиялық мәдениет – бұл адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ететін сана-сезім мен мінез-құлық нормаларының жүйесі» деп анықтама береді белгілі ғалым М. Әлімбаева [1].

Бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру - олардың табиғатты қорғауға деген саналы көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді. Балаларға қоршаған ортаны қорғау, ресурстарды үнемді пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу және энергия көздерін тиімді пайдалану жайлы білім беру қажет. Мысалы, бастауыш сыныпта экологиялық мазмұндағы іс-шаралар мен сабақтар ұйымдастыру арқылы оқушыларды табиғатқа жақындатып, оларға табиғаттың әрбір бөлігінің маңыздылығын түсіндіру мүмкіндігі туады. Сонымен қатар, мектепте арнайы экологиялық сабақтар өткізудің маңызы зор. Мұндай сабақтарда оқушылар қалдықтарды қайта өңдеу, суды үнемдеу, электр энергиясын дұрыс пайдалану сияқты нақты іс-әрекеттерді үйренеді. Мысалы, Қазақстанның кейбір мектептерінде "Эко-мектеп" жобасы жүзеге асырылып, оқушыларды қоршаған ортаны қорғау ісіне белсенді қатыстыру көзделген. Бұл жобалар оқушылардың экологиялық мәселелерге жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

«Экологиялық білім берудің басты мақсаты – табиғаттың адам өміріндегі рөлін түсіндіру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға баулу және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға тәрбиелеу» деп жазады С. Қожахметова [2]. Бастауыш сынып кезеңінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру болашақта экологиялық сауатты қоғамның негізін қалаудың маңызды қадамы болып табылады. Зерттеуші С. Қожахметова балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда ойын тәсілдерін пайдаланудың тиімділігін атап өтеді. Ойын арқылы оқушылар экологиялық проблемаларды түсініп, шешімдерін іздеуге үйренеді. Экологиялық тәрбие барысында балаларға экологиялық әдебиеттерді оқу, экологиялық фильмдер мен бейнебаяндарды қарау ұсынылады, бұл олардың экологиялық ақпаратты игеруін жеңілдетеді.

Экологиялық мәдениет қалыптастырудың тағы бір маңызды бағыты – табиғат бұрышындағы тәжірбелік жұмыстар жүргізу. Мысалы, табиғатты қорғау акциялары, қалдықтарды қайта өңдеу шеберлік сыныптары, көгалдандыру жұмыстары сияқты шаралар балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады және жауапкершілік сезімін дамытады. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларды экологиялық мәселелерді шешуге атсалысуға үйрету болашақта экологиялық сауатты және жауапты азаматтарды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Экологиялық мәдениет дегеніміз - адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ететін сана-сезім мен мінез-құлық нормаларының жүйесі.

Бұл мәдениетті қалыптастыру арқылы жеке тұлғаның қоршаған ортаға деген жауапкершілігі артады. Бастауыш сынып оқушылары үшін бұл мәдениет олардың қоршаған ортамен алғашқы танысуынан басталады. Экологиялық білім беру олардың табиғатқа деген дұрыс көзқарасын қалыптастырып, экологиялық сауаттылығын дамытады. Осы жастағы балалардың табиғатты қорғауға үйрету маңызды, себебі олардың экологиялық сана-сезімі осы кезеңде қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларын табиғатты құрметтеуге, оны қорғауға тәрбиелеу олардың болашақта экологиялық сауатты азамат болып қалыптасуына негіз болады.

Экологиялық тәрбие барысында балаларға экологиялық әдебиеттерді оқу, экологиялық фильмдер мен бейнебаяндарды қарау ұсынылады, бұл олардың экологиялық ақпаратты игеруін жеңілдетеді. Н. Нұртазина экологиялық тәрбие берудің әр түрлі әдістерін ұсынып, балаларға табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру үшін практикалық іс-әрекеттердің маңыздылығын атап өтеді [3]. Мысалы, балаларды экологиялық жобаларға тарту, өздерінің экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу - бұл оқушылардың жауапкершілік сезімін нығайтады. Табиғатты қорғау мәселелерін шешу үшін экологиялық білім беруді мектептерде ерте жастан бастап енгізу өте маңызды. Оқушыларға табиғатты қорғау, ресурстарды үнемдеу, экологиялық тепе-теңдікті сақтау туралы білім беру, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда негіз болады.

Тәжірибе жасау принциптері

### *1. Қолданбалы және көрнекілік*

Тәжірибелер оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес, қарапайым және қолжетімді құралдарды пайдаланып жүргізілуі тиіс. Мысалы, өсімдіктердің өсуін бақылау үшін арнайы зертханалық құрылғылар қажет емес, қарапайым саз, су, топырақ немесе гүл шоғын қолдануға болады. Көрнекілік – тәжірибенің оқушыларға нақты бейнелі әсер қалдыруын білдіреді. Яғни, оқушылар тек теориялық ақпаратты ғана қабылдамай, өз көздерімен бақылап, нақты өзгерістерді көре алуы керек. Бұл әдіс балалардың түсіну қабілетін арттырады, олардың ойлауын белсенді етеді және сабаққа деген қызығушылығын күшейтеді.

### *2. Қауіпсіздік*

Тәжірибелердің барлығы оқушылар үшін қауіпсіз болуы тиіс. Бұл принцип әсіресе бастауыш сынып оқушыларына бағытталған сабақтарда өте маңызды. Тәжірибелерде улы, жанғыш немесе қауіпті химиялық заттарды қолдану мүмкін емес. Барлық әрекеттер жеңіл және қауіпсіз құралдар арқылы жасалуы керек. Мысалы, су, топырақ, жапырақтар, қоқыс қалдықтары немесе қарапайым ас үй заттары арқылы тәжірибе жасауға болады. Қауіпсіздік балалардың сабаққа деген сенімділігін арттырып, тәжірибеге белсенді қатысуына жағдай жасайды.

### *3. Бақылау және қорытынды шығару*

Әр тәжірибе соңында оқушылардың байқауларын жазып, қорытынды жасау дағдылары қалыптасуы қажет. Бұл принцип балаларға тек бақылаушы болуды үйретіп қана қоймай, оларды логикалық ойлау және өз пікірін негіздеуге баулиды. Мысалы, өсімдіктің өсімі немесе топырақтағы ылғалдылық бойынша нәтижелерді дәптерге жазу арқылы балалар өз бақылауларын жүйелі түрде талдай алады. Мұндай әдіс оқушылардың эксперименттік дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың өз бетінше ойлауын да қолдайды.

#### *4. Креативтік және ынтымақтастық*

Тәжірибелер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға бағытталған болуы тиіс. Сонымен қатар, топтық жұмыс жасау арқылы балалар бір-бірімен тәжірибе нәтижелерін бөлісіп, өзара пікір алмасуды үйренеді. Мысалы, өсімдіктерді отырғызу немесе судың айналымын модельдеу сияқты тәжірибелерде балалар әрқайсысы өз идеясын қосып, топпен бірге нәтиже шығарады. Мұндай тәсіл оқушылардың өзара ынтымақтастық қабілетін дамытуға, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге және шығармашылық ойлауын арттыруға көмектеседі.

Тәжірибелік жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай жұмыстар оқушыларға табиғат бұрышында табиғатты қорғау бойынша тәжірибелік дағдыларды игеруге, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларында экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін тәжірибелік жұмыстарды дұрыс жоспарлау және ұйымдастыру қажет. Мұғалімдер табиғатты қорғауға бағытталған тәжірибелік жұмыс шараларын ұйымдастыруда төмендегі әдістерді пайдалана алады:

*Экологиялық акциялар мен конкурстар.* Мұндай іс-шаралар оқушылардың экологиялық тақырыптарға деген қызығушылығын арттырады және табиғатты қорғау саласындағы іс-әрекеттерін ынталандырады. Мысалы, қоқыс жинау акциялары, қайта өңдеу бойынша конкурстар немесе экологиялық плакаттар байқауы. Осы әдістерді пайдалана отырып, оқушылар экологиялық сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті де дамытады.

Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың басты бағыттарының бірі - оқушылардың экологиялық жауапкершілігін арттыру. Мысалы өз жобамызда біз “Қақпақ” акциясын жүргізген болатынбыз яғни күнделікті сабақ барысында білім алушылар бөтелкедегі сусындарды сатып алады. Қолданып болған соң бөтелкелер жарамсыз болып, қоқыс жәшіктеріне тасталады. Алайда біз осы қақпақтарды жинау арқылы қолданысқа кіру мақсатында қоқыс жәшіктерін жасауды жөн көрдік. Бұл акцияға барлық сынып оқушылары белсене ат салысқан болатын, осылайша экологиялық мәдениетті қалыптастыру табиғат бұрышында тәжірибелік жұмыстар жасау арқылы оң нәтиже берді.

*Экопатрульдер құру.* Экопатрульдер – оқушылардың қоршаған ортаға тікелей қатынасын қалыптастыратын, оларды қоғамға пайдалы іс-әрекетке бағыттайтын тиімді тәсіл. Экопатрульдер мектеп ішінде немесе сынып

бөлмесін таза ұстау жауапкершілігін алу арқылы оқушылардың экологиялық сана-сезімі күшейеді. Мұндай тәжірибе арқылы балалар табиғатқа қамқорлық жасауға үйренеді, сонымен қатар қоғамға деген жауапкершіліктерін сезінеді. Экопатрульдерде белсенділік таныту – оқушылардың өзіндік тәртібі мен еңбекқорлығын дамытуға ықпал етеді. Сол секілді сынып ішінде біз қолдан жасалынған табиғат бұрышындағы қолдан өсірген өсімдікке балаларды күнделікті кезекшілікке қойдық. Экопатрульдерді құру арқылы балалар өздеріне жауапкершілік алып үйренді.

*Экологиялық ойындар.* Экологиялық ойындар – балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы тиімді әдістердің бірі. Ойын барысында балалар табиғатпен байланысты ұғымдарды оңай меңгеріп, экологиялық сауаттылықты тереңірек игереді. Экологиялық ойындар мен викториналар оқушылардың табиғат туралы білімдерін кеңейтіп қана қоймай, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын іздестіруге ынталандырады. Ойындар балалардың табиғатқа деген қызығушылығын оятып, оларды табиғаттағы құбылыстарды байқауға үйретеді. Мысалы, «Қоқыс жинаушы» ойыны арқылы балалар қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу қажеттілігін түсінеді. Оқушылар топтарға бөлініп, әр түрлі «қоқыс» түрлерін (қағаз, пластик, шыны және металл) арнайы контейнерлерге жинайды. Бұл ойын балалардың қоқысты дұрыс сұрыптау дағдысын қалыптастырумен қатар, қоршаған ортаны ластанудан қорғауға үлес қосуға ынталандырады.

«Табиғат күзетшілері» ойыны – балалардың табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастырады. Бұл ойында оқушылар орманды тазалау, ағаштарды қорғау, жануарларға қамқорлық көрсету сияқты тапсырмаларды орындайды. Ойынның мақсаты – балаларға табиғатқа қамқорлық жасаудың маңыздылығын үйрету. Оқушылар табиғаттың әрбір элементінің құндылығын түсініп, қоршаған ортаны сақтауға белсенді қатысады.

«Экологиялық детективтер» ойыны экологиялық мәселелерді анықтауға және оларды шешу жолдарын іздеуге бағытталған. Балалар «экологиялық детектив» ролінде болып, экология мәселелерін зерттеп, шешімдерін табуға тырысады. Мысалы, судың ластануын, ауаның ластануын, ормандардың кесіліп кетуін зерттейді. Бұл ойын балаларды аналитикалық ойлауға, экологиялық мәселелердің себеп-салдарын түсінуге және оларды шешу жолдарын ұсынуға үйретеді.

1-кесте

	<b>Экологиялық іс-әрекет түрі</b>	<b>Іс-әрекеттің мақсаты</b>	<b>Экологиялық мәдениеттің қалыптасатын компоненттері</b>	<b>Оқушылардың танымдық және практикалық әрекеті</b>	<b>Күтілетін педагогикалық нәтиже</b>
1	Экологиялық ойындар	Оқушылардың қоршаған орта туралы білімін ойын әрекеті	Экологиялық білім, табиғатқа жағымды эмоциялық-	Рөлдік, дидактикалық ойындарға қатысып,	Оқушылардың экологиялық ұғымдары кеңейіп,

		арқылы тереңдету және қызығушылығын арттыру	құндылықтық қатынас	экологиялық жағдаяттарды шешеді, пікір алмасады	табиғатты қорғауға деген оң көзқарасы қалыптасады
2	Эко-патрульдер құру	Оқушыларды қоршаған ортаны қорғау ісіне тікелей қатыстыру арқылы жауапкершілік сезімін дамыту	Экологиялық жауапкершілік, әлеуметтік белсенділік, экологиялық тәртіп	Мектеп және сынып аумағында тазалықты бақылауға қатысады, экологиялық ережелерді сақтауға үйренеді	Оқушыларда табиғатты аялауға бағытталған саналы мінез-құлық дағдылары қалыптасады
3	Экологиялық акциялар мен конкурстар	Экологиялық мәселелерге назар аударту, оқушылардың шығармашылық және азаматтық белсенділігін дамыту	Экологиялық сана, табиғатқа құндылықтық қатынас	Экологиялық тақырыптағы акциялар мен байқауларға қатысып, шығармашылық жұмыстар орындайды	Табиғатты қорғаудың қоғамдық маңызын түсініп, экологиялық мәдениеттің бастапқы деңгейі қалыптасады

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру – олардың тұлғалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Зерттеу барысында табиғат бұрышының оқу-тәрбие үдерісіндегі ерекше рөлі айқындалды. Табиғат бұрышында жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға тиімді ықпал етеді. Өсімдіктер мен жануарларды күтіп-баптау, экологиялық ойындар, акциялар мен эко-патрульдер сияқты іс-әрекеттер арқылы оқушылардың экологиялық мәдениеті, бақылағыштық қабілеті, танымдық белсенділігі және табиғатқа деген жанашырлық сезімі қалыптасады. Сонымен қатар, мұндай жұмыстар оқушыларды ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа және ынтымақтастыққа тәрбиелейді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тәжірибелік бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру бастауыш сынып оқушыларының экологиялық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың табиғатты қорғауға бағытталған саналы көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан бастауыш білім беру жүйесінде табиғат бұрышын тиімді пайдалану және тәжірибелік жұмыстарды кеңінен енгізу – болашақта экологиялық мәдениеті жоғары, жауапты ұрпақ тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әлімбаева М. Экологиялық білім беру әдістері. Алматы: Мектеп баспасы, 2018. – 152 б.
2. Қожахметова С. Бастауыш сыныптарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Алматы: Білім, 2020. – 134 б.
3. Нұртазина А. Балаларға экологиялық тәрбие беру жолдары. Астана: Білім баспасы, 2019. – 96 б.
4. Назарова Г. Табиғатты қорғау және экологиялық жауапкершілік. Қарағанды: Ұлағат, 2017. – 112 б.
5. Сапарова А. Экологиялық білімнің қазіргі жағдайы мен болашағы. Оқу құралы, 2021. – 178 б.

**ПОВЫШЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПОСРЕДСТВОМ ПРАКТИЧЕСКИХ РАБОТ В УГОЛКЕ ПРИРОДЫ**

*И. Ж. Елубайқызы, Ж. Б. Әлімжанқызы, А. Д. Талгатқызы*

**Научный руководитель:** Нурбекова Салтанат Молотовна

*В данной статье рассматриваются роль уголка природы в экологическом воспитании учащихся начальных классов и значение проводимых в нём практических работ. Показана взаимосвязь теоретических знаний и практической деятельности в повышении ответственности учащихся за окружающую среду. Предлагаются способы формирования экологической культуры, наблюдательности и бережного отношения к природе у детей посредством ухода за растениями и животными в уголке природы. В ходе исследования обосновывается эффективность практических работ в повышении познавательной активности учащихся.*

**Ключевые слова:** начальная школа, экологическая культура, уголок природы, практическая работа, экологическое воспитание, окружающая среда, познавательная активность.

**ENHANCING THE ECOLOGICAL CULTURE OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH PRACTICAL ACTIVITIES IN THE NATURE CORNER**

*I. Zh. Elubaikyzy, Zh. B. Alimzhankyzy, A. D. Talgatkyzy*

**Scientific Supervisor:** Nurbekova S.M.

*This article examines the role of the nature corner in the environmental education of primary school students and the importance of practical activities carried out within it. The relationship between theoretical knowledge and practical activity in increasing students' responsibility toward the environment is demonstrated. Methods for developing children's ecological culture, observation skills, and caring attitudes toward nature through caring for plants and animals in the nature corner are proposed. The study substantiates the effectiveness of practical activities in enhancing students' cognitive engagement.*

**Keywords:** primary school, ecological culture, nature corner, practical activity, environmental education, environment, cognitive engagement.

**REFERENCES**

1. Alimbayeva, M. Methods of Environmental Education. Almaty: Mektep Publishing House, 2018. 152 p.
2. Kozhakhmetova, S. Formation of Ecological Culture in Primary School Students. Almaty: Bilim, 2020. 134 p.
3. Nurtazina, A. Ways of Providing Environmental Education to Children. Astana: Bilim Publishing House, 2019. 96 p.
4. Nazarova, G. Nature Protection and Environmental Responsibility. Karaganda: Ulagat, 2017. 112 p.
5. Saparova, A. Current State and Prospects of Environmental Education. Textbook, 2021. 178 p.